



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical
conference of students
MATERIALS**

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV
FACULTY OF PHILOLOGY
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical conference of students
MATERIALS**

Астана қаласы, 2023

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3
С37

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Редакция алқасын басқарған: Бейсенбай А.Б.
Редакция алқасы: Маликов Қ.Т.
Саркенова Қ.Қ.
Өмірбекова Ж.Қ.

С37

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

ISBN 978-601-337-820-6

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

ISBN 978-601-337-820-6

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

АКАДЕМИК М.С. СЕРҒАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СӨЗОЙНАТЫМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Оркенқызы А.

ayauluto37@gmail.com

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
«Қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс студенті
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі: Саркенова Қ.Қ.

***Аңдатпа:** мақала қазақ поэтикасындағы сөзойнатым немесе каламбур құбылысының қолданысы туралы. «Каламбур» терминінің шығу тегі туралы мәселенің жай жапсарынан хабардар етеді. Ғалым М. Серғалиевтың каламбур туралы ойын өрбітіп, келтірген мысалдары мақала авторының өз мысалдармен толықтырылған.*

***Аннотация:** Статья посвящена теме каламбура в казахской литературе. Во вводной части автор дает краткое описание самого явления и историю его возникновения. Основная часть статьи опирается на научные изыскания М. Серғалиева и дополняет их собственными актуальными примерами.*

***Abstract:** The article is devoted to the theme of puns in Kazakh literature. The author gives a general idea of the concept, the history of this phenomenon. The main part of the article is based on the scientific research of M. Serғaliev and supplements them with the author's own actual examples.*

Қазақ тіл білімі саласындағы қыр-сыры әлі толықтай ашыла қоймаған құбылыстардың біріне сөзойнатым немесе ғылыми тілде каламбур жатады. Тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы тілтану саласында бұл туралы әлі бірізді пікір айтылып, қорытынды тұжырым жасалмаған.

Каламбур сөздер туралы даулы сұрақтардың басы бұл терминнің шығу төркінінен-ақ басталады. Қазіргі таңда оның этимологиясы туралы романдық және германдық пікірлер қалыптасқан. Қолдаушылары көп романдық бағыттың айтуы бойынша, каламбур сөзінің шығу тегі француз тілімен байланысты. Этимологиялық сөздіктің авторы П. Я. Черных каламбур атауы француздың "бос сөз, әзіл" мағынасындағы *calmbrediane* сөзінен шыққандығын айтады [1]. Ал германдық тұжырымды жақтаушылардың айтуынша, бұл сөз Каленберг поп туралы анекдоттар жинақталған кітаппен байланысты пайда болған [2]. Қазақ ғалымдары романдық пікірді қолдай отырып, оның француз сөзінен шыққандығына сенеді. Мысалы, Ә. Хасеновтың "Тіл білімі" [3] мен «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» [4] бұл француздың *calembourg*-ынан шыққан деп көрсетіледі. Шынымен де, оның алғаш ғылыми қолданысқа кіру уақытын ескеретін болсақ, романдық тұжырым дұрыс сияқты, өйткені орыс зерттеушісі Н. М. Карамзин 1790 жылдың сәуірінде Франция астанасы Парижде болып, "Письма русского путешественника" аталатын хаттарында алғаш осы сөзді қолданып, "... Потом вошли в моду каламбуры и магнетизм" деп жазады [5].

Сөз ойнатымның тіл – тілде қашан да болғаны белгілі, өйткені ол «не біркелкі жазылатын, не біркелкі естілетін әр түрлі мағыналы ойнақы сөздер, сөз әзілі, сөз қалжыңы, сөз тіркестері» [3]. Академик Мырзатай Серғалиевтің өзі осы бір поэтикадағы қолданысты жоғары бағалап, ол туралы мынадай пікір айтады: «Омонимдер жазба, ауызекі тілімізде сан алуан стилистикалық қызмет атқарады. Солардың ішіндегі ең бастысы – каламбур болатындығы.

...Каламбур тудыру кез келген ақынның немесе прозашының қолынан келе бермейді. Ол тілді еркін меңгеруді, тапқырлықты, сөздің қосымшаларын білгірлікпен жалғап, сөздердің тіркесімін ұтымды аңғара білуді талап етеді» [6]. Көріп отырғанымыздай, каламбурды ұтқыр қолдана білу де үлкен шеберлікті қажет етеді. Оның басты мақсаты – сөйлеушінің сөзін айшықтап, оған өткірлік пен астарлы мән қосу. Сонымен қатар оны аңғару үшін тыңдаушының да сөз мағынасын жете түсіне білуі, мағыналық қорының бай болуы керек. Ал біздің қазақ халқы бұл жағынан қашан да шешен болғаны анық. Шешендік сөздерде, өлең-жыр, тақпақтарда комизм негізінде бұрыннан сөзойнатым болғаны күмән туғызбайды, бірақ фольклор мұраларының ауыздан ауызға таралуы нәтижесінде бұндай сөз орамдарының көбі ұмыт болуы да қалыпты жағдай. Сондықтан, біз қазақ сөзойнатымы ежелден бар дүние екенін түйсікпен түсініп тұрсақ та, ғылыми түрде негіздей алмаймыз. Алайда, фольклорда сақталған мына бір мысалды келтіруге болады:

*"Бала қойшы,
Алыста ойнап қала қойшы.
Төрт қойшы,
Төбе қойшы,
Бір тоқтыңды бере қойшы"* [7].

Ауыз әдебиетінде де сөз ойынының болғанына мысал жетерлік. Мәселен, Шалкиіз жырау:

*"Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұңайып жылайды," –*

деп, көп дегенді алдымен халық мағынасында, кейін мөлшерді білдіру мағынасында жұмсаса, Бұқар жырау:

*"Айналасын жер тұтқан
Айды баспас деменіз.
Айнала ішсе таусылмас,
Көл суалмас деменіз," –*

деп, айнала сөзін бірінші зат есім ретінде, екінші сын есім ретінде қолданып тұр. Ал Махамбет жырынан:

*"Тағы сынды жан едік,
Тағы келдік тар жерге," –*

деген жолдардан «тағы» сөзін байқаймыз. Ал енді осындай омофон, омограф, тепе-тең түбірлердің шебері болған Абайдың өлеңдерінен сөз ойынын көптеп байқауға болады. Мысалы,

*"Жүз қараға екі жүз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп."
"...Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір," –*

деп сөздердің ойынын керемет қолдана білген.

Каламбурлар табиғатын жете түсіну тек тілдің қыр-сырын әбден меңгерген жандарға ғана тән екенін қай ғалым болса да мойындап, жоғары бағалайды. Қалам тербеп, қара өлеңді серік етіп жүрген өзіме де бұл бағалаулар оң жағынан әсер етті. Бұрын-соңды жазып жүрген ірілі-ұсақты өлеңдерімнің ішінде де осы каламбур сөздердің жиі кездесетінін байқадым. Академик Мырзатай Серғалиев «Стилистика негіздері» еңбегінде каламбур сөздерге тоқталып, олардың түрліше жасалу жолдарын көрсетіп, өз ақындарымыздан мысалдар келтіргені бар. Мырзатай ағамыз келтірген мысалдары мен өз өлеңдерімдегі кездескен каламбурларды салыстыра кетуді жөн көрдім.

1. Бірінші келтірген мысалы С. Торайғыровтың

*"Қалқам, жаным, қарағым,
Бетіңе келмес қарағым" –*

деген жолдары. Бұны академик М.Серғалиев толық мағынасындағы омонимдерден жасалған каламбур деп береді [6].

Дәл осындай қолданысты мен өлеңдерімнің ішіндегі мына бір шумақтан таптым:

*"Ересек өмір тым басқа,
Көп ойлар ауыр бір басқа.
Еркелеп төккен тамшы жас
Айналды бүгін шын жасқа."*

Бұл шумақтағы "басқа" сөзінің С. Торайғыровтың "қарағым" дегені сияқты толық омоним түріндегі каламбур болып жұмсалып тұрғанын байқауға болады. Бірінші тармақтағы "басқа" өзге, басқаша, ұқсамайтын деген мағынада жұмсалып тұрса, екінші тармақтағы "басқа" адамның басына деген ұғымда тұр.

2. Академик М. Серғалиевтің екінші көрсеткені – омофондар арқылы жасалған каламбур.

Ғалым бұған мысал ретінде С. Мұқановтың

*"Әлденіп әлсіз, басын күшті иген кез,
Босанып бойға еркін күш тиген кез" –*

деген жолдарын, Қ. Мырза Әлиден

*"Махаббатың соңғы жыры – үйлену,
Күйеу болып, келін болып, үйге ену" –*

деген тармақтарды мысалға алған [6]. Бірінші мысалдағы "күшті иген кез – күш тиген кез" бен екіншісіндегі "үйлену – үйге ену" тіркестері, шынымен де, жазылулары әртүрлі болғанымен, айтылуда екі жағдайда да кейінді ықпал заңына бағынып, бірдей дыбысталып тұр. Меніңше, бұл өлең жазғанда ұйқас табудың ең ұтқыр жолы, өйткені, ақын үшін өлеңнің мазмұнымен қоса сыртқы бейнесі де жұп-жұмыр, айналасы өткір келген болуы маңызды. Енді осы омофондардың ақындарға беретін мүмкіндігін менің қаншалықты қолдана алғанымға көшетін болсақ:

*"Жар салып жатыр, ән салып жатыр шартарап,
Жақсылық тілеп, қошемет етіп, ортаға ап.
Алдыма таудай бақытты үйе салған зой,
Көтеріп кетем, қалдырмай тіпті орта қап!"*

Осы шумақтағы "ортаға ап – орта қап" деген тіркестер бір-бірімен үндес келіп тұр. Оған себеп – ілгерінді ықпал әсерінен омофонның реңк беріп тұруы. Одан басқа

*"Арманы көп ағайын
Алмақшы екен ақ айын
Бірақ жетпес, өзім-ақ
Алып, оған тағайын" –*

деген шумақтағы “ағайын – ақ айын” деген ұйқастарды, ал

*"Мен сенің мәніңді әлі түсінбедім,
Ұзаққа созылған бір түсім бе едің?!" –*

дегендегі "түсінбедім – түсім бе едің" деген тіркестерді байқаймыз.

3. Келесі келтірілген мысал М. Әлімбаевтың

*"Аяғыңа қарамай,
Төгіп алдың қара май" –*

деген жолдарындағы “қарамай – қара май” деген каламбуры [6]. Осындай қолданыс қазір жаңа сөз, жаңа ұйқас жасаудың тағы бір жақсы амалы болғандықтан, жиі қолданатын каламбурым. Мысалы

*"Мұңымды айтсам ба екен жатқа налып,
Махаббат бар жүректе жатқан алып
Тулағанда тұрлаусыз жадау көңіл,
Қамап сені қояйын қақпан алып" –*

деген шумақтағы "жатқан алып – жатқа налып",

*"Күндіз жүрсем екі иығым салбырап,
Басымдағы орман ойлар оталып,
Келген кезде түн тұлпарым қара жалы жалбырап,
Шауып кетем одан ыстық от алып" –*

жолдарынан "оталып - от алып", ең қызық, әрі жаңылтпаш секілді шыққан

*"Анау тұрған қара атты
Қайрат жігіт қаратты.*

Тұяғымен асауың

Жерді тарпып қар атты" –

дегеннен "қара атты – қаратты – қар атты" каламбурларын көреміз.

Қорыта айтқанда, сөзойнатым – тіл мен сөзжұмсамды байытатын құрал, тілдің мүмкіндіктерін паш ете алудың жолы. Сөзойнатымға деген бейім қазақ халқының қанында бар қасиет. Оны поэтикада қолдана білу, түсіне білудің өзін жоғары бағалаған академик М. Серғалиев ағамыздың көрсетіп кеткен мысалдары арқылы каламбур ұйқас пен қарапайым ұйқастың ара жігін ажырата білуге болады. Әдеттегіден тыс құбылыстарды бір-бірімен сөз сикыры арқылы қиюластыра білудің өзі бір өнер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Черных П.Я. Историко-этимологический словарь современного русского языка: в 2 т. / Черных П.Я. – М.: Русский язык. – Т 1., 1993. – 370 с.
2. Даль В.И. Толковый словарь живого велико-русского языка в 4 т./ 2 т. – М.: Прогресс-Универс, 1994. – 186 с.
3. Хасенов Ә. Тіл білімі. Оқу құралы, 2-басылуы.– Алматы: Санат, 1996. – Б.170-171.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 том / 7-томы. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 422 б.
5. Карамзин Н.М. Письма русского путешественника. – Ленинград: Наука, 1984. – 224 с.
6. Серғалиев М. Стилистика негіздері. Оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – Б.176-177.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1959. – Б. 9.

ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ СТИЛЬДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Сагинтаева Ғ.

Аманжол І.

eerbolatovna02@mail.ru

amanzolinkar8@gmail.com

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
6В01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» тобының 1-курс студенттері
Ақтөбе, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі: Мирон М.О.

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл біліміндегі функционалдык стильдің зерттелуі, академик М.Серғалиевтің зерттеулері мен байланыстыра қарастырылған.

Кілт сөздер: функционалдык стиль, ғылыми стиль, іс-қағаздар стиль, көркем әдебиет стиль, шеберлік, публицистикалық стиль.

Аннотация. Данная статья посвящена изучению функционального стиля в лингвистике, исследованиям и связям академика М. Серғалиева.

Ключевые слова: функциональный стиль, научный стиль, официально-деловой стиль, стиль художественной литературы, мастерство, публицистический стиль.

Abstract. This article discusses the study of functional style in linguistics, research and communication of Academician M. Sergaliev.

Keywords: functional style, scientific style, paper style, fiction style, craftsmanship, journalistic style.